

ҰЛЫҚБЕК ЕСДӘУЛЕТ

Таңдағыштығармалар




2

Көп жыл бойы Жазган бүгін
енбекінде аяулы экем Оразбай
Мұрғанбайұлының, омірден қызыр-
шын кеткен азам Бакытбектің,
зарындасын Салтанаттың рух-
тарына бағыштауды...



М.Сәнім *Автор*



ҰЛЫҚБЕК

ЕСДӘУЛЕТ

2
том

КИЗ КІТАП

Ел мен жер
жырлары

Тандамалы шыгармалар

054115/2 аз

ОРТАЛЫҚТАНДЫРЫЛҒАН
КІТАПХАНАЛЫҚ ЖҮЙЕ



Алматы
"Жазушы"
2006

2013 - 2014

Қазақстан Республикасы Мәдениет жөне ақпарат министрлігінің бағдарламасы бойынша шыгарылды

Алғы сөзін жазған Әбіш Кекілбайұлы

Есдәulet Ұ.

Е 78 *Екі томдық таңдамалы шыгармалар. 2 том:
Киіз кітап. Ел мен жер жырлары.*— Алматы: Жазушы, 2006.—264 бет.

ISBN 9965-764-40-9

Қазақ өлеңінің кешегі, бүгінгі есken өркені мен өрелі биігіне өлшем боларлық поэзия деп Ұлықбек ақынның ұлағатты шығармашылығын айтамыз. Әсіресе, оның осы томға еніп отырған “Киіз кітабы” үлттық көркем сөз көкжисегіміздің өлемдік деңгейін де өдемі танытатын оқшау құбылыс екені ақиқат.

E 4702250201-049
402(05)-06

ББК 84(5Каз)7-4

ISBN 9965-764-40-9

© Есдәulet Ұ., 2006
© “Жазушы” баспасы, 2006

ДӘДЕГЕ



ӨРКЕНІ ӨСЕР ӨНЕР, ӨРІСІ ШАЛҚАР ӨЛЕҢ

"Ақынды шындаң түсінгін келсе, туған жерін барып көр" атчы қағиданың орындылығына қайбір жылғы сапарымда көзім анық жетті.

Шілде ішін тартса да, күз қайратына міне қоймаған кез өлі. Алтай өнірі алашабыртып тұрды. Өсіресе, Мәрмәр таулаң әрі асып, Марқакөлге бет түзер тұста ақ қайынды аланқайлар көп екен. Мектеп бітіру кешіндегі ақ көйлекті үүлліршін қыздардай қыпша бел қайындар қаралай билеп түргандай. Көз алдың ала шұбарланып, басын айналып өара жатқандай сезінесін. Бірте-бірте қарағай жиілейді. Ұллақайдан бұтақтар сықырлап, бұлақтар сылдырлайды. Ақ желеңді сауыншылар қалайы күбілерін тақ толтырып алғып, мәймендей басады. Қалихан Ысқақовтың тісі кетік жылдарында тілін жылтындастып, майын тамызып айтатын майды қоңыр әңгімелері еске түседі. Үрынқай кентінің ыс қасқан бөренеден қаланған қара барқын баспаналарын-дагы қаракөленке кешкі дастарқан басындағы қаба сақал қожайындардың аузызымызға тосқан ашытқылары мен ғасытқылары да сол көп естіген хикаяларымыздағыдан.

"Қалиханың әлемі" Мәрмәр таудың қасқа құлауындағы аллыңнан андыздан қоя беретін қызыл шағылдарды коргенде көзіннен бір-бір үшады екен де, атымен басқа лұние басталады екен. Шаңылтақсып қоя берген кеңістікте қоңылтақсып қоя берген қажынқы көніл Жеменей бойына жақындаі бере қайтадан сергиді. Көкжиектің нілі көбейіп, төнірегінің өні кіріп келе жатқандай. Зайсанды бірінші рет емес, бірнеше рет көргендеймін. Тәпене үйлер. Жіңішке көшелер. Талдырмаш талдар. Қара сирақ балалар. Тара-мыс шалдар. Бала дегеннен шығады, шал дегеннен шығады... Ертесіне сәске шамасында қаланың қүнгей батыс тұсындағы қоңырқай тауларға бет алдық. Жота-жотаның

арасына кірген соң жінішке жол бұраланға басты. Сондай бұлтарыстардың бірінде керенау ілбіген керкүла тұғыры жеккен арбалы жолықты. Жұпар анқытып пішен үйіп алыпты. Тау арасының жаңа орылған балаусасынан әлі шық, іісі шығып тұрғандай. Құйқа иек сары тіс шал күн жақ қапталынан киліге өтіп бара жатқан біздерге кілгіре қарайды. Пішен үстінде торы ала көйлек киғен талдырмаш бала жігіт балағын тізеден асырған жалаңаш сирақтарын салбырата созып жіберіпті. Женін шынтағынан асыра түріп тастаған білектерін тап көк желкесіне айқастырып, жастанып апты.

Сол арада тап осы бір шиқылдақ арба мен оның үстіндегі екеуді де бір жерде көргендей шырамыттым. Тіпті күнде көріп жүрген көз таныс жандарым секілді. "Қайда көрүм мүмкін?.."

Күйген бауырдан құж-құж жоталарға өрмелеген сайын алдымыздан бір майса леп күшіне түскендей. Кенет көкленбек көл жарқ ете қалды. Күнге тотықсан бұлдіршін қызыдың мойынына тағылған меруерт алқадай. Кемеріне дейін шып-шып толып, шырпына бұлқынып жатыр. Көз жасындаі мөлдірей тұнып тұр. Тұбінде жатқан малта тастарын бір-бірлеп санап шығуға болатындаі. Мұншама мөлдірлік пен мұншама тұнықтықта тамсанып тұрып қаппын. Бұл көлді де бір жерде көрген сияқтымын. Аты да қызық. Үйдене... Кейін іркілген су қоймасы. Бірақ дүние жаратылып, су аққалы бар табиғи көл сияқты. Мынау өнір бір кезде бұндай көлді білген жоқ десе, адам сенбестей.

Манағы бұралан жолдармен Зайсанға қарай қайта бет түзедік. Қалаға жақындағанда жазыққа түскен манағы арбаны қуып жеттік. Шөп үстінде шалжиып жатқан жігіт басын көтеріпті. Шынтақтап жатыр. Тісі ақсиып біз жаққа қарап күлімсірегендей болды. Талдырмаш жігіт. Аққұба болса керек. Күн жегендіктен бе – маңдай тұсы қызырып, алаулап көрінді. Апырай, ә... Күнге тотықсан Ұлықбек Есдәuletке ұқсайды. Талдырмаштығы да, ақсия құлгені де... Тіпті, оның тап осындаі өлеңі де бар екен.

"Намаздыгерде қолатта
ырдуан арба ыргалып,

қопаңдаپ қойып қорапта,
ылдимен үтеге құлдаңық.

Екеуміз: атам және мен,
елеусіз ғана келеміз.

Ен дала төсі – қара өлең,
елтиді желге денеміз.

Кыр үстін өртеп отымен,
қырмызы жұзбен күн батты.
Қызыға қарап отыр ем,
қайырылып атам тіл қатты:

“Батысқа, балам, қызықпа,
батқан күн – біздің күніміз,
кекжиеқ деген сызыққа
сіңгенше ғана тіріміз.

Уақыт зулап улы оқтай,
уатып өтер төзімді.
Сондықтан, балам, күн батпай,
айтып қал айттар сөзінді.”

Сонда аңғардым, Зайсанға келгелі бәрінің көзіме оттай басылып жүргені де сол Ұлықбектің өлеңдерінен екен... Сүйтсем, мынау өлке жаңағы Үйдененің мөп-мөлдір сұындағы мөлтеңдей ақтарылған дарынды ақынның шынайы жырларына ілесіп, әрбір сөз танитын қазақтың көкірегіне өлдеқашан көшіп қоныпты. Сондықтан да, мұндағының бәрі күнде көріп жүргендей көзіне оттай басылады екен.

Талант дегеніміз де адамды өзі жүрген ортадан ажыратпай, жатырқатпай, қайта табыстыра, туыстыра түсетін сиқыр қасиет болса керек. Ол кезде Ұлықбек тұма бұлақтай тұнып аққан тұмса ақын еді. Одан бері қанша кітап шығарды. Әр кітабы шыққан сайын айдындана түсті. Әуелі тау арасындағы Үйденедей жып-жинақы, мопомақан көрінді. Кейін бір алқапты бір өзі толтырган Зайсандай шалқи да, толқи да бастады. Ал мынау кітабы Ертістің құяр сағасындағы мұхит айдындағы айбарланып, ақжалданып көрінеді. Оның толқындары қанша өршіп,

өркештеге түскенімен, тұмса бұлақ тұсындағы бірден таңдайына татып, ансарыңды басатын шынайылығынан, тұнықтығы мен мөлдірлігінен айырылмапты. Әр өлеңі – зәмзәм сұы құйылған құтыдай, өртенген жаныңың бір дертіне дәру бол дарып жатқандай.

«Киіз кітап». Аты да қызық. Ешиқашан сырын түгел ақтарып бітпейтін дүниенің дәл өзі сияқты тылсым ұғым. Тау мен жазықтың, қала мен ауылдың, байырғы қыр тұрмысы мен осы заманғы үрдістің, бодандық пен бостандықтың бел ортасында туып, ер жетіп, жігіттікten жігіт ағасы жасына қарай жақындалп келе жатқан естияр ақынның ет журегін мына дүние мен мына тірліктің қай қылышы аландатпайды дейсіз, қай сырына қанығып, қамырықпайды дейсіз...

Ұлықбек Есдәүләттің "Киіз кітабы" ескі ауылдың төсек қабы сияқты. Іздеген нәрсененің бәрін табуға болады. Бәрінен де жиырма ғасыр бойы талай қалыпты кетіп, жиырма бірінші ғасырдың өзіне қапияда тап болып отырған қазақ тұрмысы мен қазақ жан дүниесінің талай табын таба аласыз, талай қатпарына үңіліп, ой жүгірте аласыз.

Мына далада, бір қарасан, соншама таңдай қата бол таңғалатын да ештеңе жоқ сияқты. Осы қүнге дейін көп өнірі осыдан мын жылдар бұрын қандай қалыпта тұрса, әлі қүнге дейін дәл сондай қалыпта тұрғандай. Бәлкім, сол даланы жайлап-қыстап жатқан тұздіктер де, бәлкім дәл сол мың жыл бұрынғы бабаларынан көп үзап кете қоймаған шығар. Дәл солар сеқілді омырауларын өкпек желге ауық-ауық аймалатып алмаса, қаралай пысынап, қапаланып кеткендей болады. Тұмсықтарына жусан ісі бармаса, тұншығып бара жатқандай сезінеді. Дастанарқаның басында бөгде біреу отырмаса, қалған дүниеден біржола қол үзіп, айдалада адасып қалғандай алабұртып бітеді. Әлі қүнге сол бәз-баяғы қалыптарынан ауытқи қоймағанына еш таңғалмайды, қайта оқта-текте тосын бір өзгеріс тәбе көрсетсе, соған таңдайларын қағып, бастарын шайқайды. Сүйтіп отырып, бағзыдағы бабаларынша қиқу сағынып, дүбір естілер ме екен деп қаралай елеңдеп отырады.

Ал басқа бір қырынан қарасаң, мына даға таңғалмауың тіпті мүмкін емес сияқты. Дүниенің бәрі өзгеріп кеткенде, ол неге өзгөрмеген? Басқалардың бәрі

Басқа кейіпке көшкенде, жапан түзді жайлағандар қалайша боз-баяғы жайбарақат қалып қойған? Космодромның тап іргесінде құм арасындағы жертөледен өріп жатқан жалба тымақ түйешінің езуіндегі мыж-мыж сигареттеген басқа не озгере қойған? Көрші ауылдан трактормен қызы алып қашып келе жатқан дағанбай бозбаланың бойында баяғыдағы Қозы Көрпештен не қалып, не қойған? Кеше гана өзі қой жайып жүрген кен жазықта қанат жайған жаңа зауыттың түтіні будақтаған мұржасына алыстан айран-асыр болып түрган бүгінгі даалалықтың баяғыда бөтен қалаға басып кіріп, зәулім үйлері мен ығы-жығы қөшелеріне қарал бас шайқаған адудын бабаларынан айырмасы қанша? Белден түскен бес қаруы ма?!

Бір қарасаң, бәз-бәз баяғы қалпында түрғандығымен көзіңе оттай басылып, көнілінді елжіретеді.

Бір қарасаң, бәз-баяғы қалпында түрғандығымен көңілінді құлазытып, көзіне жас мөлдіретеді.

Құлерінді де, жыларыңды да білмейтін көріністер. Құлерінді де, жыларыңды да білмейтін қылыштар мен құлықтар. Құлерінді де, жыларыңды да білмейтін кептер мен гәптер... Құлерінді де, жыларыңды да білмей, күйзеле кешіп келе жатқан күйікті тіршілік. Құлерінді де, жыларыңды да білмей, күйіне де, күйзеле де оқитын киіз кітап...

Киіз сияқты біржолата тозып бітпей, ілініп-салынып жүретін де қоятын елбе-сельбе тіршілік...

Киіз сияқты біржолата жанып кетпей, ұзақ бықсып, ұзақ түтіндейтін де түратын күйінішті ахуал...

"Киіз кітабында" ақын сондай күйзеле пайымдайтын құбылыстар хақында күйіне сыр толғайды. Жазған сайын жабырқай түседі. Айтқан сайын апши түседі. Сөйлеген сайын сөгіле түседі.

"Өмір, саған келдім-кеттім,
сонда нені тындырыдым?
зерін теріп зенгір көктің,
ботананы тұндырыдым.

Өмір, саған бардым-қайттым,
танғы шықты мекендей,

құдайыма қайғынды айттым,
құлақ түрер ме екен деп.

Шыққыр көзді аштым-жұмдым,
шолдым биік, төменді,
тілін жұтқан тас тұңжырымын,
сөйлестпендер мені енді!"...

Бірақ сөйлемей отыра алмайды. Өйткені көріп жүргені, естіп жүргені, біліп жүргені күндіз күйзелтпей, тұнде "дөңбекшітпей" қоймайтын жәйіттер... Оның айтқанының бәріне бас иземеуін мүмкін, бірақ күйзелгеніне күйзеліп, дөңбекшігенине дөңбекшімеуін мүмкін емес. Ажары тайған жер, базары тараған ел, бағы қайтқан ер, жұлдызы жанбаған тіл, бабы табылмаған қауым... Ал күйзелмей, күніренбей көр! Бірақ неге бұлай? Сенделген сезім мен сандалған сана оқта-текте оның жауабын тапқандай болады. Бірақ күдігіне күдік, уаймына уайым жамамаса, көніл тұманын сейілте алмайтын жауап. Манаидың бәрін сағым торлап түрғандай. Көз шоласындағы сағым көніл қоймасындағы сағыныштан өрбіп жатқандай. Соңда нені аңсан, нені сағынамыз? Сағым зорайтса, кешегі көзіміз көре қалған күйелеш күркө көк күмбез боп елестеп, кешегі шалшық шалқар болып шалқуы да мүмкін ғой... Сағым зорайтса, әлі күнге көзің көрмеген бейтаныс құбылыс беті өрмен құбыжыққа айналып, қаралай қорқытып бітуі де ғажап емес.

Мезгіл бесінге аунаған бейуақта сағым арылғанмен, манайдығының бәрі зорайып көрінеді. Қоленкелер ұзарып, қаралай көз алданады. Кешкі ымырт қайтадан бәрін буалдырландырып, бірте-бірте көмескілендіріп, тілті біржолатағайып қылады. Адам өз көзіне өзі алданып, өз көніліне өзі арбалып қалмау үшін сара жауапты хақтан күтеді. Хақ білетін ақиқаттан ара-тұра хабардар жүру үшін ақынға құлақ тосады. Ақын Ұлықбек Есдәулет ақиқаттың обалын көтермеу үшін өзі тапқан ақиқатпен қоса, өзін сандалтқан күдік-күмәнді де ортаға салады. Сүйтіп, бүтінгі бәріміз бастан кешіріп жүрген ішкі рухани сенделісті қазқалпында көз алдымызға қайта тосады. Расында да, өлең деген, өнер деген айдын көл сияқты. Түгел

таусып кете алмайсың. Шетінен ауыз тиіп, шөлінді қаптырасың, шындықтың дәмін татып көресің. Айдынына жүзінді тосып, бет-бейнендең көресің. Ерсін болса, түзейсің. Бірақ ондай шарапатқа тек көусар тұнық қөл ғана ие. Ұлықбек жырлары сол мөлдірлігі мен тұнықтығынан, қоусар дәмінен айнымаған. Нені көзі көріп тұrsa, соны суреттейді. Неге көнлі алаң боп тұrsa, соған тебіренеді. Қандай дәл суреттесе, сондай шынайы толғанады. Сондықтанда бұл кітабында уайым басым, мұң басым. Қара басының емес, халқының уайымы. Баяғыдай ай астындағы өрістен тоқты-торымның аузына тиіп, жұмырына жұғым болғанның шетінен ырзық айырып қолған жұрттың әлі қунге жылқы теуіп жер бетіне шығара алмайтын, түйе тіліне орап күйсей алмайтын, терең көміліп, кемел қордаланған өз ырзығын әлі өзі алып жей алмай, осесін жіберіп отырса, қалай мұнайып, қалай уайымға батпассын? Қолындағы қазынаңа ие бола алмай отырсан, баяғыны аңсаған базынаңды кім тыңдамақ? Әуелі қайда жүрерінді біл... Ол үшін неден күдер үзерінді біл... Ит койлегімен жауға шапқан батырды кім көрген? Емізігін сорып отырып кесік айтқан кеменгерді кім көрген?! Қуыршағын құндақтап отырып бала емізген бәйбішені кім көрген? Кейде бүйірмастай көрінгенде бүйірту үшін қимастай көрінгенде қыып кетуге тұра келетін шыгар. Әйткені болашақ деген бәр-бәр уақытта болып-қойғандардың заңды жалғасы емес қой. Келешек деген кепкешегі көп аңсаған арманың боп кезіге бермесі хақ. Бұл лұниедегі көп нәрсе тым тосын сыңайлыш. Бақ та тосын, сорла тосын тәрізді. Тосыннан тосылып қалмау үшін, өрдайым өзіне өзің бекем болуын керек секілді. Әйтпесе,

"Уақытты кім жаратты екен өтпес қып?..

Сағыныштың сары өзенін көп кештік,
күтуменен өтті біздің бар өмір,
шыдамның да шегіменен беттестік,
тұлпарлардың тұяқтарын талдырып,
ғашықтарды бір-біріне жетпес қып...
Біз – уақытты, уақыт бізді аямай,
бір-біріміз етімізден ет кестік;

уақытты кім жаратты екен мұндай ғып?..
ешкімге де енші болmas бұл байлық,
уақыт деген кімге – бақыт, кімге – сор,
кімге – ғарыш, кімге – намыс, кімге – айлық,
уақыт мені төске салып илесе,
мен уақытты тартып жүрмін сырнай ғып,
одан өтер екі жүзді көрмедім,
қалыбынан кете берер күнде айнып...” –

деп шағынғанымызben, уақыттың ештеңесі мұқала қояр түрі көрінбейді. Сондықтан да:

“Кешірем бәрін, иттікке етім үйренген,
найзағайлар мен найза біткенге түйрелгем,
бас білмес аттың құйрығына да сүйрелгем,
бәрі бір менің қабыргам аман құйреуден...

Кешірем тіпті айырылған жанды есінен,
айныған Күнді,
айырылған Жерді осінен,
аяйтын болса ақымақ болған пендесін,
тәспірі күшті Тәнірдің өзін кешірем.

Кешірем бүгін мазмұнның өзін шешінген,
кешірем өртті, топан суды да есірген.
Сені де кешем, жолынан тайған періште,
бәрін де кешем,
өзімді ғана кешірмен!!”, –

деп ширыққан жөн сияқты.

Әйткені серпілмей, сергімей тұрып, жаңа көніл құйіне
көше алмайсыз. Көніл өзгермей тұрып, пейіл өзгермейді. Пікір өзгермей
тұрып, әрекет өзгермейді. Әрекет өзгермей тұрып, ештеңе өзгермейді. Кекшілдік – кешегінің тұтқынында қалу.
Кешірім – жаңаға бой ұсыну. Бірақ өзінді өзін кешірмеуін
қалай? Түсінбейтін ештеңе жоқ. Кешегі кесалаттан ең
алдымен өзгелердін арылып біткенін күтсөн, өзің сол кесір
қалпында дүниеден өткениң. Ал кешегі кесапат үшін ең

алдымен өзінді жазғырып, одан ең болмаса өзің арылуға тырыссаң, кесір атаулының кететіндігіне жүрттың көзі жететіндей көрінеді де тұрады.

Дәл бүгін ешқайсымызың кешегінің тұтқынында қалуға қақымыз жоқ. Еліміз үшін, жеріміз үшін шындалп күйзелетініміз рас болса, алдымен өзімізді өзіміз қолға алыш, ақыл мен сезімді өкпе мен бопсаға қор қылмай, үміт пен тоуекелге билетпегіміз абзал. Ет жүректің ең елгезек лүпілімен үндес естілетін:

“Қазақиям – азат үям,
қоңыр жүртym, ұлы елім,
қанқылдаған қаз атынан
сөз саптаған сүлейім;

– қанға – қан! – деп,
– жанға – жан! – деп,
атам қазақ үйреткен,
өтті ғасыр саңдаған көп,
ақ сойылын сүйреткен;

шынбысың сен – Хан-тәнірім,
әлде Бетпақ – шөлмісің?
қаңсыса да қан тамырын,
қынқ етпейтін көнбісім;

тасыдың да жуасыдың,
тұпсіз арнаң толашы,
дүниенің күнәсінің
жуылатын моншасы;

аялаған азаттығым
бұл-бұл үшса басымнан,
кімге керек қазақтығым
мақтан еткен жасымнан?

Төбендеңгі Айды мына
тұмарындаі көремін,
қапалы да, қайғылы да
қызыр елім, өр елім;

топырақтың табын сездім,
жүгірдім де жығылдым,
Отан деген назым сездін
мәнін сенен ұғындым;

Аспандай кең атамекен,
иі қанбас кең даала,
сені сую қате ме екен?
Сүйіп өтем сонда да!" –

деген жолдар имандай үйітар мінәжат сөзіндей, кәлима
қып қайырап дүғалық сөзіндей.

Тағдыры тарихтың талма тұсына тіреліп тұрган ұлттың
ұяты бар ділмары онсыз да өртеніп тұрган кезеңде өз
жүрттың өзі шалтан тұртпі шамырықтырып, қаралай отқа
итермей, базына емес, басу айтып сөйлесе лазым-ды.

Ұлықбек таланты – сондай ұлағатты талант. Ондай
талант жан ашуын емес, жан сырын ғана ортаға салады.
Бүгінгідей күндері ортамызда ондай пәтуалы ауыздардың
жүргенін өзі қандай ганибет.

Мынау кітап тартып отырған талай тауқыметіміздің
басын шалса да, кеудене үміт гүлін егіп, жігеріне жігер
қосатын, тәуекелге мінгізіп, тәубәне келтіретін парасатты
жырларға толы.

Ұлықбек сөздері жер жаралып, су аққалы бардай
соншама етene естіледі. Мына дүние тұрганша тұратындай
өміршеш де өршіл ұғылады.

Өркені өсер өнер, өрісі шалқар өлең осындаі болса ке-
рек-ті.

*Әбіш Кекілбайұлы,
Қазақстанның Халық жазушысы
1999 жыл*

БОСАФА

БОСАФА
САДЫРЖАНИЕ
СОДЕРЖАНИЕ



АНТИЖАРНАМА. ҚАЛЫ КІЛЕМ

Жоқ,
бұл кілем сатылмайды,
сатылмайды,
оқырман,
жүтқан кезде ақын қайғы,
көз жасынан тоқылған.

Тағдыр
менің сезімінді
ақ сабаумен сабаған,
жундей тұтіп төзімінді
қылышықтаған сан адам.

Қан шұбырған тамырымнан
шуда есіп көп білек,
санам менен
сабырымнан
киз басқан тепкілеп!

Жүйкемнің бар талышықтарын
суыртпақтап суырып,
ашудасқа малышып бәрін,
арқау еткен иіріп.

Кемпірқосақ — түрлі реnde,
көзді жаулап құбылар,
көре білсен бұл кілемде
жүргегімнің түгі бар.

Әр өрмегі
сезімменен,
сағынышыммен боялған,
бұл кілемді
көзім дер ем,
көрмеге оны қоя алман!..

ҚАРА ШАҢЫРАҚ

15

Journal of Health Politics, Policy and Law, Vol. 28, No. 4, December 2003
Copyright © 2003 by The University of Chicago

АДЫРЫЛГАН

054115

ОРТАЛЫҚТАНДЫРЫЛҒАН
КІТАПХАНАЛАЙҚ ЖҮЙЕ

“ИМАННҮР” ТОПТАМАСЫ

ЕДІГЕ ТАУЫ

...Сак етер тиғі саныма,
Сақсырым толды қаныма...
Доспанбет

Найзағаймен тілгіленген тастарын,
Жұлдыздармен шегеленген аспанын,
О, Ұлытау,
Ұлар үнді дастаным,
Маган қабақ ашпадың.
Жартастарың жаракатты жүректей,
Зымыраған ғасырлар-ай
қас-қағым!

...Тамған қаннан тас өртеніп барады!
Таңатұғын кім бар мынау жараны?
Талқан болды тоғыз көзді кіреуке,
Тарс айрылып дүниенің талағы,
Қарс жабылды қаралы аспан қабағы.

...Шүу, жануар,
Қу жаны бар иеннін,
Мен үзілсем, үзенгінді сүйер кім?
Сөзі емес бұл көзге шыққан сүйелдің,
Мен сертім мен сар сұнгіме сүйендім.
Күнім туса —
Ескі кегім оянып,
Керіскедей көк көбені киермін,
Тексіз жауға темірендей¹ тиермін.

Еңлікүлдер
Едігені емдесін,
Саралжындар
Сәйгүлікті жемдесін,

¹ Темірен — *коне түрікше* — жебенін ұшы

Сөнгім келмес
Сарайшықтың сырттында,
Сарыазбанға
Сүйегімді теңдесін,
Ұлар құстын
Ұясында өлейін,
Ұлытаудын
Ұшпасына жерлесін.
Мен жатайын бұлт қонақтап тәсіме,
Өр кеудеме шыгармайын өңгесін!

Сахарада
Сербет ішіп сағымнан,
Сарсадақтан сая таппай сабылман,
Сауырлы атты бұтқа тартып мінбен-ді,
Сарашанды сұлууларды
Сағынбан,
Бұғалықсыз буырлыштан асау ем,
Қапияда қирады ғой қабыргам.

Аса кәпір,
Кісәпір жау күрік бас,
Қанжығасы қанға қалай құнықпас?
Қарша борар қасиетсіз дүшпанға,
Қабірімнен тас-талқан боп құлыптас.
Үрпақтарым ұмытса егер ұмытсын,
Қаным тамған Ұлытауым ұмытпас!

1996

САРАЙШЫҚ. ҚЫЛҚАЛАМ

Жайық бойы —
Жарлауыт,
Жар басына жолай шық.
Ақ толқынға арбалып,
Мызғып жатыр Сарайшық.

Толқын орган топырақ,
Торлама қыш, зер-айшық...

Тарихыңды оқып ап,
Толқып тұрмын, Сарайшық.

О, армысын,
Астанам,
Аруғына берем дем,
Жайық құсап жасқана
Құшагына енем мен.

Көне сурет көлбендең, —
Көрсеткеңдей киесін,
Күн астынан керуен кеп,
Шөгергендей түйесін.

Пайда болып ғайыптан, —
Ару қыз бен жас сарбаз,
Ат суарды Жайықтан...
Айтайыншы ақсарабас.

О, Сарайшық!
Расында
Сиқырына шөлдегем,
Тусам сол бір ғасырда
Өлер едім сенде мен!

1996

ҚЫШ ҚҰМЫРА. XIII ҒАСЫР

И. Тасмагамбетовке

Замандардан
Заман өткен зымыран,
Қырсыққанда
Қырық іріген қымыран...
Жар астынан,
Жағасынан Жайықтың
Жарқ етті ғой қазып алған құмыран!

Сарайшықта
Сақталғандай ұлы қүш,
Сайын ханның көзі емес пе бұл ыдыс?
Сайрандар мен

Ойрандардан сау жеткен,
Құмыраның кейпіндегі құбылыс.

Жайық жатыр жұртын құшып қаланың...
Жаға кезген жалаңақ бала кім?
Сыры кетіп,
Сыны қалған,
Сар көзе,
Сарғайған бір суретіндей сананың.

О, Сарайшық,
Тоғыз жолдың торабы,
Саған сіңген сартап сүрлеу сорабы.
Ыңдыс деген
Ырымы ғой ырыстың,
Қазағымның құты қашқан жоқ әлі!

1996

ЖЕЗҚАЗҒАН. БАЛБАЛ ЖЫРЫ

Өмір,
саған
келдім — кеттім,
сонда нені тындырдым? —
зерін теріп зенгір көктін,
ботананы тұндырдым.

Өмір,
саған
бардым — қайттым,
таңғы шықты мекендең,
құдайима қайғынды айттым,
құлақ түрер ме екен деп.

Шыққыр көзді
аштым — жұмдым,
шолдым биік, төменді,
тілін жүтқан тас тұнжырмын,
сөйлетпендер мені енді!

1996

**АҚТАБАН ШУБЫРЫНДЫ.
ҚОЖАБЕРГЕН ЖЫРАУ**

Бақ дегенім сорға айналды,
тақ дегенім көрге айналды,
көкірегіме шер байланды,
толайым...

Жер дегенім кебенек пе,
ел дегенім ебелек пе,
ер дегенім қебелек пе,
ағайын?!

Атамекен — алып тозақ,
мойыныңды қамыт қажап,
мойыдың-ау, ғарып қазақ,
аһ ұрып.

Найзагайлы намыс қайды,
қайта бізбен табыспай ма,
ата жаумен алыспай ма
ақырып?!!

1989

КҮРШІМ. ЖАРАЛЫ БАРАҚ БАТЫР

Кеудеме менің күйдіріл киіз басындар,
бұл жара сонда асқынбас,
туырлықты түріп, түндікті түре ашындар,
тамағыма да тас түрмас.

Жарылған басқа қарама,
мойында қалса болғаны,
тұсап жіберші далага
жорықтан келген жорғаны.

Беу, аспанның асты кен дейді,
бесікке сыйып, есікке сыймай жүрсек те,

беймезгіл ажал келмейді
жабысқанымен тірсекке.
Маңдайға берген қарагайдайын мүйізді
қалаған шақта өзі қағады жаратқан,
баса түсіндер, аяймысындар киізді,
аяймысындар Барақтан?!

Жасыл ту тұрса жоғары,
жығасы оңай жығыла қояр мен бе екем?
Айдаһар салған жараны
айдаһардың өз уыменен емдетем!

Сүм жалған деген осы ма-ай?
Оған да тәуба етерсін,
әй, балам, әкелші бері насыбай,
иіскетпей ертең кетерсін...

Жүргегіме күйдіріп киіз басындар!..

1989

ҚОБДА. ИСАТАЙ ҚАБІРІ БАСЫНДА

(РЕКВИЕМ-ҚОСАЛҚА)

|

Қаталап өлген
Қара жер,
Қанымды іш те,
Қана бер...
Құралайдың күнінде
Қырқарлансам —
Қаһарыма
Қормал болмас түбінде,
Корқып жатпай інінде,
Қарсы келсе хан егер!
Құлдіреті күшті құдайым,
Қызыл қарын сары бала,
Қайғы жүтқан кейуана,

Қанғып қалған пәруана мынау жұртымды
Қан ансаған қылыштан аман қаға гөр!

Қайыңның түбі — қызыл қан,
Қорлықтан қолқа қызынған,
Қабылан жүрек қайран ерлерден айрылып,
Құлазып өнір,
Қамығып көніл бұзылған.

Жанымыз үшты ғайыпқа,
Қанымыз құйды Жайыққа,
Қапыда кеттік қор болып,
Қаймығып қалған қайран ел,
Бүйыра көрме айыпқа.
Қамалаған қалың дүшпанның
Қарбыздай басын қағып ап,
Толтырсам деп ем Жайықта жүзген қайыққа!..

Терлігім терге шіріді,
Теңіздей қолым іріді,
Тұмсықтан тізген тіріні —
Атаңа нәлет дүшпанға
Жер басып жүру лайық па?



Ақбұлақтың жағасында
Құжынаған қабірлер...
Қаптап жатқан қалың қабір...
Құдай, өзің сабыр бер.
Аспан асты, жер үстінде бір белгі жоқ басында,
Осы жerde зәу-затымен көмілгендей тәнірлер.
Қарақұрым қабірлерден
Қайысады қабыргаң,
О, Қара Жер!
Қаным менің қашып кетті тамырдан...
Сырдың суы сирағынан келмей жүрген сырдан ер,
Аяқ-асты айырылдым сарқылмайтын сабырдан.

Қай кезде де қазақ қаны құнды болды-ау тым аса,
Қойша қырып бақкан екен,